

Армения Республикасының Сыртқы істер министрі В. Осканянның Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 147-ө
Өкімі

2006 жылғы 31 мамыр - 3 маусымда Астана және Алматы қалаларында өтетін Армения Республикасының Сыртқы істер министрі Вардан Осканянның Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

делегация мүшелерінің қонақ үйде тұруына 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен ақшалай қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі делегация мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

4. Астана және Алматы қалаларының әкімдері делегацияны әуежайлардың жоғары лауазымды тұлғаларға арналған залдарында қарсы алу және шығарып салу, мәдени бағдарлама ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

3 1

м а м ы р д а ғ ы

N

1 4 7 - ө

ө к і м і н е

қосымша

Армения Республикасының Сыртқы істер министрі В.Осканян бастаған делегацияның мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Армения Республикасы делегациясының мүшелерін Астана және Алматы қалаларындағы "Риксос-Президент" және "Риджент-Анкара" қонақ үйлеріне 1+5 форматы бойынша орналастыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерін Астана және Алматы қалаларында "Риксос-Президент" және "Риджент-Анкара" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арналған рұқсатнамалар, куверткалар, ресми қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Армения Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Армения Республикасының делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атынан Армения Республикасы делегациясының мүшелері үшін Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.